

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 маусымдағы кеңейтілген отырысында қабылданған шешімдерді жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1027

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 13 маусымдағы облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен кеңейтілген отырысының шешімдерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен Қаржы министрлігі Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының қызметін қамтамасыз ету жөнінде жеткілікті ұйымдастыру-қаржылық шаралар қабылдасын. Ай сайын, әр айдың 10 күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының жұмыс істеуі туралы ақпарат ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 15 тамызына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры қаражатының есебінен (бірінші транш) жұмыссыздар үшін жұмыс орындарын ашу жөнінде заңды және жеке тұлғаларды несиелендіру туралы есеп ұсынсын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері белгіленген кестеге сәйкес жалақы және Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар бойынша берешектердің өтелуіне бақылауды күшейтсін, бюджеттік мекемелердің желілерін, құрылымдарын және контингентін, астық сатуды оңтайландыру жөніндегі міндетті төлемдерді төлеу, кірістерді жергілікті бюджетке жұмылдыру шотына түскен қолда бар резервтерді барынша іске қоссын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері ай сайын, есепіден кейінгі айдың 7-күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне жалақы және Міндетті сақтандыру қорына жарналар бойынша берешектер туралы ақпарат ұсынсын.

4. Облыстардың әкімдері, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 18 сәуірдегі N 106 өкімімен R970106 _ бекітілген шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын және ай сайын, есепіден кейінгі айдың 5-күніне дейін осы мәселе жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесі мен Қаржы министрлігіне ақпарат ұсынсын.

5. Облыстардың әкімдері жалақы мен зейнетақыларды төлеуге арналған қаражаттарды мақсатсыз пайдаланудағы кінәлі лауазымды адамдардың жауаптылығын қарасын және қараудың нәтижелері бойынша 1997 жылдың 1 тамызына дейін мерзімде

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде төлемшілерді есепке алу және Зейнетақы қорына қаражаттардың түсуі жөніндегі барлық ақпараттарды қабылдап алуды-беруді, сондай-ақ тиісті ақпараттық база құруды аяқтасын. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1997 жылдың 15 шілдесіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне осы мәселе жөнінде ақпарат ұсынсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылдың 15 шілдесіне дейін барлық әлеуметтік сақтандыру қорына жарна төлеушілерді тіркесін және 1997 жылдың 20 шілдесіне дейін мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне ақпарат ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару және Жекешелендіру жөніндегі департаменттерімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде мемлекеттік мүлікті жалға, арендаға, сырттай және сеніп басқаруға беруге, сондай-ақ мемлекеттік меншіктегі объектілерді жекешелендіруге байланысты жасалған келісім-шарттардың, шарттардың және келісімдердің талаптарының орындалуына бақылау жасау жөніндегі статистикалық есептіліктің нысандарын әзірлесін және бекітсін.

9. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі олардың меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жалпы қуаты 50 МВт электр станциялары мен электр желілерінің күзгі-қысқы барынша салмақ түсетін жұмысқа дайындығының барысына қатаң бақылау орнатсын және ай сайын, 15-інен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

10. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін, белгіленген тарифтік ставкалар бойынша жалға беру шартымен тұтыну кооперативтерінің қызметкерлерін орналастыру үшін үй-жайлар бөлу бөлігінде, орындау жөнінде қосымша шаралар қабылдасын; <*>

1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде аумақтық монополияға қарсы органдармен бірлесіп тұрғын үй-коммуналдық салада монополиясыздандыруды аяқтасын және Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне есептер ұсынсын.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің

1997.08.08. N 1241 қаулысымен.

P971241_

11.

<*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.22. N 1813
қаулысымен.

P971813_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК